

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Педагогика және психология факультетінің докторанты Мухашева Меруерт Бауыржановнаның 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын робототехниканы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан цифрлық трансформация жағдайында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігі мен қызығушылығын дамыту мәселесі айрықша өзектілікке ие. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында, сондай-ақ білім беру жүйесіне жасанды интеллект технологияларын кезең-кезеңімен енгізуге бағытталған мемлекеттік бастамаларда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын, алгоритмдік және сыни ойлау қабілеттерін, цифрлық және технологиялық құзыреттерін ерте жастан қалыптастыру стратегиялық басымдық ретінде белгіленген.

Осы тұрғыдан келгенде, М.Б.Мухашеваның «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын робототехниканы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі білім беру жүйесінің сұраныстарына толық сәйкес келетін, ғылыми тұрғыда өзекті әрі практикалық маңызы жоғары зерттеу болып табылады.

Диссертациялық жұмыста зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты негізделіп, зерттеудің мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы мен міндеттері логикалық тұрғыда бірізді және нақты айқындалған. Автор зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік еңбектердегі философиялық, психологиялық және педагогикалық пен әдістемелік мазмұндағы зерттеулерге кеңінен теориялық талдау жүргізіп, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығы ұғымының мәнін білім беру робототехникасы контекстінде жаңаша ғылыми тұрғыда түсіндіріп, қарастырады.

Зерттеудің бірінші бөлімінде танымдық қызығушылықтың психологиялық-педагогикалық табиғаты, оның құрылымы, көрсеткіштері мен деңгейлері ғылыми тұрғыда жүйеленіп, бастауыш білім беру кезеңіндегі оқушыларының жас және олардың даму ерекшеліктерімен байланыста қарастырылған. Сонымен қатар білім беру робототехникасының теориялық негіздері, STEM/STEAM тәсілдерінің мүмкіндіктері және оларды бастауыш білім беру мазмұнына енгізудің қажеттілігі ғылыми және дәлелді түрде талданған.

Екінші бөлімде автор LEGO WeDo 3.0 платформасына негізделген бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға арналған авторлық бағдарлама мен әдістемені ұсынады. Тәжірибелік-

эксперименттік жұмыс барысында алынған нәтижелер сандық және сапалық тұрғыдан өңделіп, бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтар ғылыми негізде дәлелденген. Эксперимент нәтижелері ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістеменің тиімді екенін айқын көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы білім беру робототехникасын бастауыш сынып оқушыларын тек техникалық дағды қалыптастыру құралы ретінде емес, оқушылардың танымдық қызығушылығын мақсатты түрде дамытатын мотивациялық-педагогикалық тетік ретінде негіздеуімен сипатталады. Сонымен қатар танымдық қызығушылықтың көрсеткіштері мен деңгейлерінің жүйесі нақтыланып, оларды диагностикалаудың ғылыми негізі ұсынылған.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығы ұғымын білім беру робототехникасы контекстінде кеңейтіп түсіндіруімен, ал практикалық маңыздылығы ұсынылған авторлық бағдарлама мен әдістемелік ұсынымдардың жалпы білім беретін мектептерде, қосымша білім беру ұйымдарында және робототехника үйірмелерінде қолдануға жарамдылығымен айқындалады.

Диссертация мазмұны қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді, ғылыми стиль талаптары сақталған, тұжырымдары негізді әрі дәлелді. Жұмыс құрылымдық жағынан талаптарға сай рәсімделген және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға толық жауап береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Мухашева Меруерт Бауыржановнаның 8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын робототехниканы оқыту арқылы дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толық аяқталған, ғылыми және практикалық маңызы жоғары зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Автор Мухашева Меруерт Бауыржановна философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық кеңесші:


І.Жансүгіров ат. Жетісу университеті,

«Педагогика және психология» факультеті, «Оқыту және тәрбиелеу

әдістемелері» кафедрасы,

п.ғ.д., профессор




К.Т. Ыбыраимжанов